



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

кісінің ақылы бар» деп, халық тандап сайлаған хан өз жұртының алдындағы жауапкершілігін сезінумен қатар, қылдан тайса, сол жұрт алдында есеп беретінін де басқалардан жақсы білетін.

Қазақ халқы бұлыңғыр заман, тайғақ кешулердің бәрінен аман – есен өтіп, бүгінгі күнге жетті. Бұл – қазақ қоғамының өміршеңдігінің нәтижесі. Орталық Азиядағы Алтын Ордадан соңғы ең байтақ ұлыс Қазақ Ордасының өткен тарихының асыл қазыналарының қастерлеп сақтау және одан әрі өрістетуге арқасында біздің ұлы халқымыз өзінің берік мемлекеттік жүйесін қалыптастырғанын көреміз. Соның өзекті бір саласы дәстүрлі қазақ қоғамында хандық билік институтының қалыптасуы, жоғалғанымызды түгендеп, барымызды баптап, көгімізге көтерер мүмкіндікте Егемен ел атанып, хандық биліктің маңызын жас ұрпаққа ұғындырып жеткізу. Қазақ хандығының 550 жыл мерей тойының қарсаңында Қазақ хандығының құрылуы, хандары, және оның ішінде хандық билік институтының ерекшелігі сияқты мәселердің қарастырылып жатуы үлкен жетістік. Дей келе, хандық билік институтының дәстүрлі қазақ қоғамында алар орны мен маңызы ерекшеліктерін терең зерттеу ісін жалғастыру біз, зерттеушілердің жаңа ұрпағының алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Нығмет М. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы, Жалын баспасы, 1994.
2. Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. М., 1973. Казахско-русские отношения. М.-Л.,
3. Казахско-русские отношения. Вып. 1. Док. 15. С. 18
4. Памятник Сибирской истории XVIII века. Т. II. С. 160
5. Ата салтыңды аяла. Құрастырған Наурызбай Ақбаев. Алматы, «Ана тілі», 1998.
6. Оразбаева А.И. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. Алматы, Дайк-Пресс, 2004.

ӘОЖ 321.1

АҚЖАН МАШАНИ МҰРАСЫ

Төлен Наурызхан

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Тарих мамандығының 1 курс магистранты

Астана қаласы

Қазақстанда геомеханика ғылымының негізін салушы, мектебін құрушы, жазушы. Алғашқы қадамын қатардағы тау-кен инженері –геологтан бастаған ол ғылым жолында айтулы із қалдырған ғалым ретінде даралана білді. Негізгі ғылыми бағыты геомеханиканың құрылымы – кристалдық заңдылықтарды зерттеуге арналған. Ол геометрия, оптика, механика, химия, геохимия, кристалдық химия, география, геология, технология тәрізді пәндердің сабақтастығын анықтау кезінде біртұтас геомеханика заңдылығын ашып, қағидасын тұжырымдады. Сөйтіп, өз алдына дербес ғылым саласының ортақ өзегін іздеу барысында Эйлер теориясын жаңғыртатын жаңалық жасады. Ол тау-кен өндірісінде геомеханика заңдарын іс жүзінде қолдана отырып, бір-біріне қарама-қарсы екі мәселені шешуді мақсат етті:

1. тау жыныстарының кернеулі-деформациялық күйінің теориялық негізін анықтау;
2. тау-кен жұмыстары кезінде күрделі кен қазбаларының, жер бетінің орнықтылығын және жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын жасау.

Осы мәселелерді біріктіре шешу — тау жыныстарының жер қойнауындағы жай-күйін, құрылымдық ерекшеліктерін және беріктілік қасиеттерін зерттеуге негізделген. Жер

астындағы кеннің геологиялық құрылымын анықтау үшін алғаш рет жер қойнауының геометриясы әдісін қолдана отырып, *Ақбастау — Құсмұрын кен өрісін* ашқан. Машани геология, тау-кен ісі, маркшейдерия ғылымдарының ұлттық тілде дамуына ерекше көңіл бөліп, қазақ тілінде оқулықтар мен сөздіктер шығарды. Жаратылыстану ғылымдарындағы ұлттық құндылықтарды сабақтастыра отырып, гуманитарлық мазмұн-сипатта дамытуда көп іс атқарды. Ақжан Машани үш көркем шығарма жазды. Бірі – жастарды ғылымға баулитын ғылыми-фантастикалық романы «Жерастына саяхат», екіншісі – ұлы ғұламаның азаматтық бейнесін сомдаған «Әл-Фараби» тарихи деректі романы, үшінші – қазақтың дүниетанымына арнаған «Табу» романы. Осылай қазақ әдебиетінің ғылыми-көпшілік, фантастикалық жанрларына да үлес қосты. Оның “Жер астына саяхат” атты кітабы көптеген оқырмандардың геолог, тау-кен мамандықтарына деген қызығушылығын оятты. Әрі жазушы, әрі табиғат сырын терең түсінетін философ-ғалым ретінде ол көп еңбектерін ғылыми-көпшілік кітапханасына арнап жазды. Оның “Жер құпиялары”, “Жерде тіршілік қалай пайда болды?”, “Жер сілкінісі”, “Жер қойнауына саяхат”, “Таулар қалай түзілген”, т.б. кітаптары қызық хикаядай оқылады, табиғат құпиялары мен сыры жайлы оқырмандарға көп мәлімет береді[1].

Солардың бірі ұлы бабамыз Шығыстың ұлы ойшылы Әбу-насыр әл-Фарабидің ғылыми мұрасын зерттеудің негізін салып, халқына қайта оралтқан бірегей тұлға. А. Машановтың ғылыми-шығармашылық бір мұраты “Екінші ұстаздың” орнында қалған қыруар баға жетпес мұрасын зерттеу, саралау, қалың оқырманға қаймағын бұзбай жеткізу болды. Осы саладағы баға жетпес, ерлікке пара-пар келетін, еңбегі – ұлы бабамыз Әл-Фарабидің қазақ топырағында туып қана қоймай, қаны түркі екендігін дәлелдеудегі, оның еңбектерімен ұрпағын сусындату және насихаттаудағы теңдессіз қызметі[2]. Ақжанның арқасында Әл-Фараби сынды ұлы ғұламаның рухы, есімі өз Отаны қазақтың қара топырағына қайта оралды. Бұл жолда жер жүзі елдерінің кітапханаларында шашырап жатқан Әл-Фараби еңбектерін жинап, 1969 жылы бабамыздың Дамаск қаласынан бейітін тапқан да Машани еді. Ұлы бабамыз Әл-Фарабидің мәңгі мекені – Баб ас-Сағир зираты басындағы көңіл-күйін, ішкі сезімін біздерге жырдай қылып айтып өткен.

Машанидің 300-ден астам ғылыми мақалалар, 10 монография, 5 оқулық және 8 ғылыми көпшілік кітаптар жазып, артына өшпес мұра қалдырған ғалым. Осы еңбектері арқылы ғалымның кемеңгерлік қырлары жарқырай көрініп, есімі елге мәшһүр болды. Әл-Фарабидің ұлылығын тек ғалымдығымен ғана емес, көп қырлы ғұлама, ерен өнершіл, әрі ақындығымен ұштастыра зерттеген Ақжан: «...Бұл кісіден бұрын да, кейін де даналар болған. Бірақ олардың ішінде дәл әл-Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш салаға бірдей ұлы үлес қосқан, аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын. Платон, Аристотель, Птоломей музыканы жөнді меңгере алмағандығын өздері жазып кеткен» деп тұжырымдап кеткен. 1978 жылы Әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференция өткізуге көшбасшы болған Ақжан Машани әлем оқымыстыларын өзіне тәнті етті. Ақжан Жақсыбекұлы Абай дүниетанымын, ғылымның бастауы орта ғасырлық, араб, шығыс елдерінде жатқандығын, оның көш бастаушысы ұлы бабамыз Әл-Фараби болғандығын, сөйтіп екі дананың арасын жалғастыра ғылымның даңғыл жолын баяндаған, сонау мың жылдан астам уақыт өткен Әл-Фарабиден кейін, оған ой өрісі жақын, парасаты кең, ойшыл Абай екенін дәлелдеген. Машани барлық ғылымдардың басын біріктіруші – ислам дініне, мұсылманшылыққа, ислам философиясына ден қойған ойшыл ғалым. Ол ғылым мен ислам діні байланысының сырын ашқан, “екеуін бірінен-бірін айыруға болмайтынын” дәлелдеп кеткен. Сөйтіп Ақжан Машани әл-Фараби мұрасын зерттеуде теңдесі жоқ мұра қалдырды және әл-Фараби қағидаларының бүгінгі ғылымдағы көріністері мен қазақтың дүниетанымдық пайымдауларын зерделеуде фарабитану методологиясының ғылыми – ислами негізінің концепциясын жасады[3].

А. Машани тек қана Фараби келбетін төңіректеп қалмайды. Сонымен қоса, қабат асыл тастарды жіктеп, саралау, әр алуан “сиқырлы” сандардың құпиясын ашу, адамның мәдени қадамының әліппесі мен санның қарым-қатынасын ажырату, жыл қайыру аңыздарын баяндау, Нысан абыз хақындағы әфсаналар мен әлемнің жеті ғажабын сипаттау тағы да

қыруар құпияларды ақиқат публицистік сарынмен өрнектейді. Астрономиялық аңыздар, олардың ертегілермен кіндіктес екендігінің фантастикалық дәйектерін А.Машанидің “Ғажайып от ошағында” деген ғылыми-публицистік кітабы. А.Машани көркемсөз әлемінде бір кітаптан екіншісіне “ауысарда” алдыңғысынан бөлек, басқаша пішін, стиль, композиция қарастыруды әдетке айналдырған екен. Оның ендігі бір дәлелі – “Табу”. Шығарманы “ғылыми-фантастикалық трактат” мәртебесінде қарастырған дұрысырақ. Себебі, туындыда әдеби-көркемдік мотивтерден гөрі ғылыми жорамалдар, гипотезалар жалпы шығармадағы басқа компоненттерден басым жатыр. Оның үстіне “Табуды” әдебиетімізде мүлде бой көрсетпеген “фантастикалық трактат” саласының беташары есебінде қабылдай аламыз[4].

Ғалымның көзі тірісінде жарық көрген соңғы дүниесі “Ай арысы” – Ғылым жаңалықтары” кітабы. Мұнда, негізінде, коммунистік атеизм қаншама жылдар бұғау салып келген алхимия, астрология секілді ғылым салалары жөніндегі оңды көзқарастар қайта жаңғырылды. “Әл-Фараби алхимия негізін бүкіл ғаламның жаратылуымен, оның әрі қарай дамуымен байланысты өте кең мағынада қараған. Ал бұл ғылым тар ішті, өзіншіл, күншіл, надан адамдардың қолына түссе, олар оны сол адам ниетіне бейімдеп алады. Қысқасын айтқанда, Әл-Фараби шындық іздеген ғалымдар үшін алхимия ғаламның сырын шешетін, сол арқылы ғаламның Жаратушы Иесін тану, соның жолымен жүру үшін, алхимия – өзін-өзі мадақтау құралы”, – деп жазған[5]. Осы алхимия – біздің ғылым үшін тың тақырып. “Әл-Фараби, Кеплер, Галилей және Ислам”, “Әл-Фарабидің Нұрнамасы” тәріздес жарияланған қыруар мақалалары да ғылыми публицистиканың негізгі миссиясын айқындай түсері хақ.

Қазақ тарихы осындай ғұламалары арқылы өзінің санасын, рухын қайта сезінгендей. Замандастарының көбі тек рұқсат етілген тақырыптармен шектеліп ғылыми лауазым үшін ғылымда жүрсе Ақжан Машани өз ісін санау Ахмет Байтұрсынов – ұлттың еңсесін, сана-сезімін оятатын, рухын асқақтататын рухани азықты жаңғыртуды басты ғылыми мақсат етіп алғандай.

А.Ж.Машани КСРО-дағы геомеханика ғылымының негізін салушылардың бірі болып есептеледі. Дана халқымыздың «Жақсы адам – қазына», «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесепат» - деген нақыл сөздерінің мағынасы терең. Осы нақыл сөздер А.Машани сынды біртуар ұлы тұлғаларға айтылған. А.Машанидің барлық мол ғылыми мұрасын саралар болсақ, ол кісінің өте бір бай, мағыналы өмір кешкенін байқаймыз. А.Машани өскелең ұрпаққа өшпес мұра қалдырды. Оның есімі халық жадында мәңгі сақталады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. А. Әл-Машани Ж. Көп томдық шығармалар жинағы //А. Ж. Әл-Машани; редакциялық алқа: Д.К.Сүлеев, Ш.А.Абдраман, Ы.С. Кененбай 7-т.: Ақжан Машани ғибраты. – 2007
2. Қ. Мұса «Ақжан Машани–шығыс ғұламаларының рухани құндылықтарын жалғастырушы» // Қазақ тарихы: әдістемелік журнал. - 2013. - №6.-б.23-26
3. М. Усаева «Әл-Фарабидің дидактикалық мұрасын дәйектеуші-Ақжан Әл Машани» // Ұлағат. - 2010. - 7.-б.100-108. - С. 2010
4. Ж. [Тапалова](#) «Қазақ ғылыми фантастикасының алғашқы бейнесі» // Керуен. - 2006. - №2. - С. 31-40б.
5. А. Машани Көп томдық шығармалар жинағы. 7-ші том:Ақжан Машани ғибраты

ӘОЖ 930

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ ЖАЙЫНДА

Маратова Д.М.

dinmaratova@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының